

"Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № ҚР ДСМ-6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 наурызда № 18398 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-210/2020 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.11.2020 № ҚР ДСМ-210/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 25-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 138 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16685 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында:

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

111-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"111. Осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс жағдайлардың тізбесі бойынша операциялар үшін ақы төлеу шығыстардың мынадай баптары: жалақы, әлеуметтік салық, міндетті әлеуметтік сақтандыруға арналған аударым, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар, тамақтану, дәрілік заттар, медициналық бұйымдар (бұдан әрі - МБ), медициналық көрсетілетін қызметтер мен коммуналдық шығыстар бойынша нақты шығыстар бойынша жүргізіледі. Коммуналдық шығыстарды есептеу бір пациентке қайта есептегенде алдыңғы айда қызметтер берушінің коммуналдық және басқа шығыстарына арналған нақты шығындар бойынша жүзеге асырылады.

Нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төлеу кезінде дәрілік заттар мен МБ-ға Денсаулық туралы кодекстің 7-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін шекті бағалардан аспайтын олардың нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленеді, қызметтер беруші көрсетілген құнға арналған растаушы құжаттарды ұсына отырып, ақпараттық жүйелерге дәрілік заттар мен МБ-ның нақты (сатып алу) құнын енгізеді.";

112-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Денсаулық туралы Кодекстің 7-бабы 1-тармағының 20) және 68) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін шекті бағалардан аспайтын нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленетін дәрілік заттарды мен МБ-ның құнын қосу арқылы жүзеге асырылады.";

116, 117 және 118-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлеп, клиникалық-шығынды топтардың құны бойынша ақы төленуі тиіс жағдайлардың тізбесі бойынша тәуліктік стационар жағдайында жүктілік пен босанудың асқынған ағымы үшін ақы төлеу дәрілік заттар мен МБ-ға арналған

қосымша шығыстарға ақ төлеп, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құны бойынша өңірлендіру қағидаттарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

117. Осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлеп, клиникалық-шығынды топтардың құны бойынша ақы төленуі тиіс жағдайлардың тізбесі бойынша тәуліктік стационар жағдайында жаңа туған нәрестелердің ауыр аурулары үшін ақы төлеу дәрілік заттар мен МБ-ға арналған қосымша шығыстарға ақы төлеп, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

118. Қор тәуліктік стационар жағдайында жүргізілетін терапияның тиімсіздігі мен осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін дәрілік заттар мен МБ-ны өмірлік көрсетілімдері бойынша науқасқа негізді ұсыну жағдайында емделіп шыққан жағдай үшін қосымша шығындардың деректеріне ақы төлейді және осы Қағидалардың 30-тармағымен көзделген тәртіппен стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасында көрсетеді.

Қосымша шығындарға ақы төлеу осы жағдайдың сапасы мен көлемін мониторингтеуді аяқтаған күннен бастап 1 (бір) айдан кешіктірмей:

1) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей қорға жіберілетін, осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттарды, МБ-ны науқасқа ұсынғаны үшін көрсетілген шығындарды растаушы құжаттарды қоса бере отырып, қызметтер берушінің жазбаша өтініші;

2) қордың және қызметтер берушінің лауазымды тұлғалары қол қойған салыстыру актісі;

3) осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттар мен МБ-ны пациентке ұсынудың негізділігі туралы сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады;

4) қор құрған комиссияның дәрілік заттар мен МБ-ға қосымша шығындардың негізділігі туралы оң қорытындысы. Комиссияның құрамына уәкілетті органның, ҚДСК, қордың өкілдері, тәуелсіз сарапшылар-бейінді мамандар кіреді.";

4, 11, 13, 15, 27, 29, 35, 43, 45, 60, 71, 85 және 87-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық көрсетілген қызметтердің құнын төлеу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс) 25-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілерге (бұдан әрі – субъектілер) фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу тәртібін айқындайды.";

3-тармақтың 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізімі (бұдан әрі – бірыңғай дистрибьютордың тізімі) – Денсаулық туралы кодекстің 7-бабы 1-тармағының 68) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сипаттамаларын, олардың шекті бағаларын, отандық тауар өндірушілермен жеткізудің ұзақ мерзімді шартын жасау мүмкіндіктерін, дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы үшін, медициналық бұйымдардың атауы немесе құрамы үшін нұсқаманы, техникалық ерекшеліктің және жинақтауыштың атауын, бір бірлігі үшін және жинақтауыш бөлінісіндегі құнын, тауардың әрбір атауы бойынша жеткізу мерзімдерін қамтитын құжат;

7) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілер – фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;"

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының фармацевтикалық қызметтердің құнын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге ақы төлеу тәртібі";

5-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1. Қор бірыңғай дистрибьютордың отандық өндірушіге немесе шетелдік өндірушіге (дайындаушы зауытқа), Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелген шетелдік заңды тұлға филиалына немесе шетелдік заңды тұлғаның еншілес компаниясына немесе фармацевтикалық компания тобына енетін заңды тұлғаға Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық патенттелмеген атауы (құрамы) және (немесе) сипаттамасы бойынша аналогтары жоқ дәрілік заттар (бұдан әрі - ДЗ) мен медициналық бұйымдар (бұдан әрі - МБ) үшін, сондай-ақ бірыңғай дистрибьюторға фармацевтикалық қызметтердің құнын төлеу шартының талаптарына сәйкес ақша аудару арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы құрған халықаралық ұйымдар арқылы бірыңғай

дистрибьютор сатып алған ДЗ мен МБ үшін ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді көрсететін денсаулық сақтау субъектілері есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей, бірыңғай дистрибьюторға қағаз жеткізгіште екі данада және (немесе) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық нысанда, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған, халыққа ДЗ мен МБ босату жөніндегі рецептілердің тізілімін береді.

Бірыңғай дистрибьютор қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда рецептілердің тізілімін алған күннен бастап халыққа босатылған ДЗ және МБ туралы берілген деректерді амбулаториялық дәрілік заттармен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесіндегі деректермен салыстырады.

Бірыңғай дистрибьюторға ұсынылмаған және амбулаториялық дәрілік заттармен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесіне енгізілмеген қамтамасыз етілген ДЗ немесе МБ туралы мәліметтерді амбулаториялық дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілері есепті кезең өткеннен кейін бірыңғай дистрибьютордың қарауы үшін жібереді.

Қараудың қорытындысы бойынша және негіздер болғанда бірыңғай дистрибьютор осы деректерді, медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы ДЗ және МБ қамтамасыз етілген нақты кезеңді көрсете отырып, жарты жылда бір реттен асырмай, ал өткен есепті жылға келесі қаржы жылының ақпан айынан кешіктірмей, қорға Жиынтық тізілімді беру кезінде көрсетеді.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу тәртібі";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. ТМҚКК шеңберінде фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу № 1729 қағидаларына сәйкес, өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша айқындалатын жергілікті денсаулық сақтау органдары облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органының қаражаты есебінен:

1) Денсаулық туралы кодекстің 88-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар халықты амбулаториялық деңгейде ТМҚКК

шеңберінде тегін қамтамасыз ету үшін ДЗ мен МБ тізбесіне кіретін, бірақ бірыңғай дистрибьютордың тізіміне кірмейтін ДЗ және МБ-мен амбулаториялық дәрілік заттармен қамтамасыз ету мақсатында;

2) медициналық қолданылуы бойынша нұсқаулығында № 1729 қағидалардың 19-тармағының 2) тармақшасына дәрілік заттардың айналымы саласында уәкілетті орган бекіткен балаларға қолдануға қарсы көрсетілімдер туралы нұсқама бар ДЗ-ны бірыңғай дистрибьютор сатып алған жағдайларда балаларды қамтамасыз ету мақсатында;

3) дәрілік-консультативтік комиссияның қорытындысы және облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі негізінде ДЗ мен МБ-ны пациенттің жеке көтере алмаушылығы жағдайында жүзеге асырады.";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 14 және 15-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті заңнамда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ ҚР ДСМ-6 бұйрығына
1-қосымша

Медициналық көрсетілетін қызметтерді сараптамалық бағалау парағы

1. Бағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
2. Денсаулық сақтау субъектісінің (объектісінің) атауы.
3. Денсаулық сақтау субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
4. Бағалау басталған және аяқталған күні.
5. Бағалануы тиіс кезең.
6. Бағалау мәні _____

_____.

(медициналық қызметтер көрсетудің ақауларын анықтау, оның ішінде ТМККК көрсету бойынша шарттық міндеттемелерді орындау және басқалар)

I. Алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық деңгейінде көрсетілген медициналық қызмет сапасын сараптамалық бағалау:

1. Науқастың Т.А.Ә. (бар болса).
2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).
3. Туған күні, жасы (толық жасы).
4. Ұлты.
5. Тұратын жері.
6. Медициналық картаның нөмірі, емдеу кезеңі.
7. Емделіп шыққан жағдайды қаржыландырудың көзі.
8. Жіберген ұйымның диагнозы.
9. Қорытынды клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).
10. Алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық деңгейіндегі ақаулар (анықталды, анықталған жоқ, пациент қаралмады, белгісіз).
11. Динамикалық байқау (сипаты).
 - 1) динамикалық байқаудың болмауы;
 - 2) диспансеризация стандарттарын сақтамауы;
 - 3) нәрестеге перзентханадан шыққаннан кейінгі үш тәулікте патронаждың болмауы;
 - 4) жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңде қадағалау стандарттарынан ауытқу;
 - 5) балалардың диспансерлік есепке уақтылы алынбауы;

6) жүктілік бойынша уақтылы есепке алынбауы (жүктіліктің 12 апталық мерзімінен кейін);

7) иммунопрофилактика стандарттарының сақталмауы.

12. Жай-күйінің нашарлауына немесе өліммен аяқталуына әкелген зерттеудің кемшіліктері (денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес келмеуі).

13. Жай-күй ауырлығы тиісінше бағаланбаған (сипаттамасы).

14. Емдеуге жатқызудың кемшіліктері (сипаттамасы):

1) көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызылмады;

2) емдеуге негізсіз жатқызу;

3) кешіктірілген емдеуге жатқызу;

4) стационарды алмастыратын көмекті көрсетілімдерсіз көрсету.

15. Емдеу нәтижелері:

1) өліммен аяқталған (Алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде алдын алуға болатын) – мына факторлар толтырылады:

заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, патологоанатомиялық зерттеулердің болмауы;

гистологиялық зерттеулердің болмауы;

пациентті емдеуге жатқызудың уақтылығы;

пациенттің әлеуметтік әл-ауқаты;

патологиялық жай-күйді ерте анықтау;

зерттеудің қосымша әдістерін тағайындау;

клиникалық және зертханалық зерттеулердің деректерін, консультанттардың қорытындыларын дұрыс пайымдау;

уақтылы сәйкес емдеу, оның ішінде операциялық;

мамандардың біліктілігі;

осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша өзге қорытынды;

2) "ауруының өршу" нәтижесі (емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан негізсіз ауытқуы);

16. Ұсыныстардың болуы (жоқ, толық емес).

17. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:

1) санитариялық көлікке, дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға қолжетімділіктің болмауы;

2) пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі тарапынан науқасқа көмектің болмауы;

3) қажетті дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың болмауы;

4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша ақау).

18. ТМККК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

19. Үй жағдайындағы алдын алуға болатын өлім жағдайларының сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (профилактикалық, диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

20. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 184-бабына сәйкес Ар-намыс кодексін сақтамауы (сипаттау).

II. Жедел медициналық көмек деңгейінде көрсетілген медициналық қызметтердің сапасын сараптамалық бағалау:

1. Науқастың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
2. Қазақстан Республикасы азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).
3. Туған күні, жасы (толық жасы).
4. Ұлты.
5. Тұратын жері.
6. Шақыруды қаржыландырудың көзі.
7. Шағымдардың сипаттамасы (толық емес, диагнозға сәйкес келмейді және т.б.).
8. Анамнезды сипаттау (көрсетілмеген, толық емес, диагнозға сәйкес емес, толық ашылмаған және т.б.).
9. Жай-күйінің күрделігін теріс бағалау (сипаттамасы).
10. Науқастарды емдеуге жатқызуға негізсіз жолдау.
11. Емдеуге жатқызу көрсетілімі болған жағдайда науқасты стационарға жеткізудің болмауы (сипаттамасы).
12. Тәулік ішінде бір ауру бойынша алғашқы шақырылған сәттен бастап қайталап шақыру жағдайлары (сипаттамасы).
13. Диагноз қоюдағы қателіктер (сипаттамасы):
 - 1) толық емес диагноз;
 - 2) жолдама берілген диагноз бен клиникалық диагноз арасындағы айырмашылық жағдайлары;
 - 3) диагноз анықталмаған;
 - 4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша қате).
14. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:
 - 1) шақыруға жедел көмек бригадасының кешігіп келуі (бекітілген уақыт регламентін сақтамауы);
 - 2) Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымға активтерді ұсынбау;
 - 3) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген нақты жағдай бойынша ақау).

15. ТМККК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

16. Алдын алуға болатын өлім жағдайларының сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

17. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 184-бабына сәйкес Ар-намыс кодексін сақтамауы (сипаттау).

III. Стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде көрсетілетін медициналық қызмет сапасын сараптамалық бағалау:

1. Науқастың Т.А.Ә. (бар болса)

2. ҚР азаматының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (Қазақстан Республикасының азаматы үшін).

3. Туған күні, жасы (толық жасы).

4. Ұлты.

5. Тұратын жері.

6. Медициналық картаның нөмірі, емдеу кезеңі.

7. Емделіп шыққан жағдайн қаржыландырудың көзі.

8. Жіберген ұйымның диагнозы.

9. Алдын ала клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).

10. Қорытынды клиникалық диагноз (негізгі, қосалқы, асқынулар).

11. Емдеу нәтижелері:

1) өліммен аяқталған (стационар және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейінде алдын алуға болатын) – мына факторлар толтырылады:

заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, патологоанатомиялық зерттеулердің болмауы;

гистологиялық зерттеулердің болмауы;

пациентті емдеуге жатқызудың уақтылығы;

пациенттің әлеуметтік әл-ауқаты;

патологиялық жай-күйді ерте диагностикалау;

зерттеудің қосымша әдістерін тағайындау;

клиникалық және зертханалық зерттеулердің деректерін; консультанттардың қорытындыларын дұрыс пайымдау;

уақтылы сәйкес емдеу, оның ішінде операциялық;

мамандардың біліктілігі;

осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша өзге нәтиже;

2) "ауруының өршу" нәтижесі (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

3) "өзгеріссіз" нәтижесі" (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

4) амбулаториялық-емханалық деңгейде емдеудің тиімсіздігі салдарынан стационарға емдеуге жатқызу;

5) емдеудің нәтижесінде пайда болатын асқынулар жағдайы (негізгі емдеу және/немесе диагностикалық іс-шаралардан негізсіз ауытқуы);

6) осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша өзге нәтиже.

12. Шығаруда пациентпен келісілудің болуы.

13. Ұсыныстардың болуы (жоқ, толық емес).

14. Ұйымдастырушылық-тактикалық іс-шаралар ақауларының болуы:

1) санитариялық көлікке, дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға қолжетімділіктің болмауы;

2) пациентті қолдау және ішкі бақылау (аудит) қызметі тарапынан науқасқа көмектің болмауы;

3) қажетті дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың болмауы;

4) өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша кемшілік).

15. ТМҚКК-ға кіретін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттен дәрі-дәрмектерді және ақша қаражатын тарту.

16. Алдын алуға болатын өлім жағдайларын сапа мен көлемінің анықталған ақауларына негізделіп көрсету (профилактикалық, диагностикалық, емдеу және ұйымдастырушылық-тактикалық).

17. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 184-бабына сәйкес Ар-намыс кодексін сақтамауы (сипаттау).

IV. Пациенттің тарапынан болатын бұзушылықтар.

1. Ескертпе жоқ.

2. Медициналық көмекке кеш жүгіну.

3. Дәрігерге тұрақты қаралмау.

4. Дәрігердің ұсынымдарын орындамау немесе тұрақсыз орындау.

5. Ұсынылған емдеуден бас тарту.

6. Өз бетінше емделу.

7. Емдеуге жатқыздудан бас тарту.

8. Стационарда жату режимін бұзу.

9. Стационардан өз еркімен кету.

10. Денсаулық сақтау субъектісінің медицина қызметкерлеріне қатысты этиканы бұзу.

11. Өзгесі (осы тізбеде көрсетілмеген, нақты жағдай бойынша бұзушылық).

V. Қорытындылар.

Медициналық қызмет көрсетудің анықталған ақаулары бойынша негізгі қорытындылар көрсетілсін.

Егер жоспардан тыс тексеру көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына арналған шағымдар негізінде өткізілген болса, шағымның негізділігін негізді/ішінара/негізделмеген) көрсету және өтініш берушінің әр дәлелі бойынша түсініктеме беру қажет.

ҚДСК АД басшысы (уәкілеттілік берілген лауазымдық тұлға:

_____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ ҚР ДСМ-6 бұйрығына
2-қосымша
Денсаулық сақтау
субъектілерінің көрсетілетін
қызметтеріне ақы төлеу
қағидаларына
11-қосымша
Нысан

Амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуі кезіндегі медициналық қызмет көрсетуге аванстық жоспарлы соманы бөлу туралы ақпарат

20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ шарт бойынша

(Өнім берушінің атауы)

бюджеттік бағдарламаның атауы

р/с №	Шығындардың атауы	Негізгі аванс (мың теңге)	Қосымша аванс (мың теңге)
1	2	3	4
	Жиыны		
1	Қызметкерлерге еңбекақы төлеу		
1.1	Оның ішінде, сараланған еңбекақы		
2	Тамақ өнімдерін сатып алу		
3	Дәрі-дәрмектер мен МБ сатып алу		
4	Коммуналдық шығыстар		
5	Өзге шығыстар		

Өнім берушінің басшысы (уәкілетті лауазымды тұлға):

_____ / _____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Өнім берушінің бас бухгалтері:

_____ / _____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Мөрдін орны (болған жағдайда/қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Күні 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ ҚР ДСМ-6 бұйрығына
3-қосымша
Денсаулық сақтау
субъектілерінің көрсетілетін
қызметтеріне ақы төлеу
қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Амбулаториялық-емханалық көмектің ақаулар тізбесі

р/с №	Тізбе бойынша коды	Атауы	Өлшем бірлігі	Айына 1 тұрғынға шаққанда ауыл халқына кешенді жан басына шаққандағы нормативтің (КЖШН) кепілдік берілген компонентінің құнына санкциялардың айыппұл мөлшері
1	2	3	4	5
1	3.1.	Емдеу-диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан негізделмеген ауытқу жағдайлары	1 жағдай	КЖШН-ның 15 реттік өлшемі
2	3.2.	Пофилактикалық егулерді жүргізу қағидаларын ұстанбау	1 жағдай	КЖШН-ның 15 реттік өлшемі
3	3.3.	Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық қарап-тексеру өткізу қағидаларын ұстанбау	1 жағдай	КЖШН-ның 15 реттік өлшемі
4	3.4.	7 күнтізбелік күннен аса КДҚ күту ұзақтығы	1 жағдай	КЖШН-ның 4 реттік өлшемі
5	3.5.	14 күнтізбелік күннен аса КДҚ күту ұзақтығы	1 жағдай	КЖШН-ның 8 реттік өлшемі
6	3.6.	Азаматтардың жеке санаттарының амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілмеуі	1 жағдай	КЖШН-ның 8 реттік өлшемі

7	3.7.	Науқастарды емдеуге жатқызуға негізсіз жолдау	1 жағдай	КЖШН-ның 8 реттік өлшемі
8	3.8.	Көрсетілген медициналық көмектің ұйымдастыру тәртібіне негізделген шағымдар	1 жағдай	КЖШН-ның 15 реттік өлшемі
9	3.9.	Ақпараттық жүйелерге қате мәліметтер енгізу	1 жағдай	КЖШН-ның 2 реттік өлшемі
10	3.10.	Медициналық есеп құжаттар нысанын сапасыз толтыру	1 жағдай	КЖШН-ның 4 реттік өлшемі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ ҚР ДСМ-6 бұйрығына
4-қосымша
Денсаулық сақтау
субъектілерінің көрсетілетін
қызметтеріне ақы төлеу
қағидаларына
15-қосымша
Нысан

Амбулаториялық-емханалық көмектің медициналық көрсетілетін қызметтерінің сапа мен көлем мониторингісінің актісі

20__ жылғы " __ " ____ №____ 20__ жылғы " __ " ____ бастап
20__ жылғы " __ " ____ дейінгі кезең

(тапсырыс берушінің атауы)

Өнім берушінің атауы

p/c №	Тізбе бойынша коды	Жағдайдың атауы	Алынуы тиіс және ақы төлеуге жатпайтын	
			Қызметтер саны	Сума, теңге
1	2	3	4	5
1	I.	Сапасы мен көлемдері мониторингтеуден өткен амбулаториялық – емханалық көмек қызметтерінің тізілімі		
2		Барлық ақаулар, оның ішінде түрлері бойынша:		
3	3.1.	Емдеу-диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан негізделмеген ауытқу жағдайлары		
5	3.3.	Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық қарап-тексеру өткізу қағидаларын ұстанбауы		
6	3.4.	Күнтізбелік 7 күннен аса КДҚ күту ұзақтығы		
7	3.5.	Күнтізбелік 14 күннен аса КДҚ күту ұзақтығы		
8	3.6.	Халықтың жеке санаттарына амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен пен медициналық бұйымдармен қамтамасыз етпеу		

9	3.7.	Науқастарды емдеуге жатқызуға негізсіз жолдау		
10	3.8.	Көрсетілген медициналық көмектің ұйымдастыру тәртібіне негізделген шағымдар		
11	3.9.	Ақпараттық жүйелерге қате мәліметтер енгізу		
12	3.10.	Медициналық есеп құжаттар нысанын сапасыз толтыру		
13	Мониторинг қорытындылары бойынша ЖИЫНЫ			

Өнім берушінің басшысы (уәкілетті лауазымды тұлға): _____
 _____ / _____
 (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін) Мөрге арналған орын (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)) 20 ____ жылғы " ____ " _____

Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы: _____
 _____ / _____
 (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы) (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрінің
 2019 жылғы 6 наурыздағы
 № ҚР ДСМ-6 бұйрығына
 5-қосымша
 Денсаулық сақтау
 субъектілерінің көрсетілетін
 қызметтеріне ақы төлеу
 қағидаларына
 27-қосымша
 Нысан

Көрсетілген мамандандырылған медициналық көмек және жоғарытехнологиялық медициналық қызмет үшін шығыстардың құрылымы

20 ____ ж. " ____ " _____ № _____ 20 ____ ж. " ____ " _____ бастап
 20 ____ ж. " ____ " _____ дейін
 20 ____ ж. " ____ " _____ № _____ шарт бойынша

Өнім берушінің атауы

Бюджеттік бағдарламаның атауы

	Өткен жылғы кассалық	Есептік жылға	Есептік кезеңнің өсу бойынша кассалық	Оның ішінде есеп беру айы үшін (мың теңге	Есептік кезеңнің өсу бойынша барлық нақты шығыстары	Нақты шығыстарды кредиторлық берешектен
--	----------------------	---------------	---------------------------------------	---	---	---

р/с №	Шығыстардың атауы	шығыстары (мың теңге)	бюджеттік қаражат жоспары	шығыстары (мың теңге)				(мың теңге)	ауытқуы мың.теңге)
						жиыны	Оның ішінде аванс		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
0А	Алдыңғы жылға арналған кредиторлық берешек	X	X	X	X	X	X	X	
	Өткен жылға арналған кредиторлық берешек	X	X	X	X	X	X	X	
ОБ	Есеп шоттағы қалдық қаражат							X	
ОВ	Қаражаттың түсуі, оның ішінде жиыны		X					X	
1	Стационарлық медициналық көмек		X					X	
2	Жоғары мамандандырылған медициналық көмек		X					X	
3	Стационарды алмастыратын медициналық көмек		X					X	
4	клиникалық-диагностикалық қызметтер		X					X	
5	лизинг		X					X	
6	Амортизациялық шығыстар		X					X	
7	Осы БҒ бойынша өзге де түсулер		X					X	
0Г	Шығыстардың жиыны (мың теңге)								
I	Ағымдағы шығыстар								
1	Жалақы								
A	Еңбекке ақы төлеу								
	оның ішінде								
a)	Дәрігерлер персоналы және провизорлар								
б)	Орта медицина және фармацевтика персоналы								
в)	Кіші медицина персоналы								
г)	Өзге персонал								
Б	Қосымша ақшалай төлемдер (сыйлықақы және сараланған төлем, демалысқа біржолғы жәрдемақы, материалдық көмек)								

д)	Дәрігерлер персоналы және провизорлар							
ж)	Орта медицина және фармацевтика персоналы							
з)	Кіші медицина персоналы							
и)	Өзге персонал							
В	Оның ішінде сараланған еңбекақы							
й)	Дәрігерлер персоналы және провизорлар							
к)	Орта медицина және фармацевтика персоналы							
л)	Кіші медицина персоналы							
м)	Өзге персонал							
2.	Салықтар және бюджетке басқа міндеттемелер							
н)	Әлеуметтік салық							
о)	Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар							
п)	Міндетті сақтандыруға арналған жарна							
3.	Тауарларды сатып алу							
р)	Тамақ өнімдерін сатып алу							
с)	Дәрі-дәрмектерді және өзге медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу							
т)	Өзге тауарларды сатып алу							
	Оның ішінде жұмсақ жабдықтарды сатып алу							
4.	Коммуналдық және өзге қызметтер							
ф)	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, жиыны							
	Оның ішінде:							
х)	Ыстық, суық су, кәріз үшін							
ц)	газ, электр қуаты үшін							
Ч)	Жылу энергиясы үшін							
ш)	Байланыс қызметтері үшін ақы төлеу							
щ)	Басқа қызметтер және жұмыстар, жиыны							
э)	Оның ішінде біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау үшін							

